



**А.Б. Мадярбекова, П.Қ. Қилыбаева**

*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан  
(E-mail: aiym.madyarbekova@gmail.com, banu-kk@mail.ru)*

### **«Шығыс серіктестігі» жобасы: қазіргі кезеңдегі проблемалары мен даму перспективалары**

**Аңдатпа.** Посткеңестік кеңістік елдерімен интеграциялық байланыстарды дамыту үшін Еуропалық Одақтың бастамасы бойынша құрылған Шығыс әріптестігін дамыту мәселелері қаралды. Мақалада ресми мемлекеттік құжаттар мен сараптамалық бағалаулар негізінде Еуропалық көршілік саясатының шығыс өлшемі – Шығыс серіктестігі (ШС) талданады. ШС негізінен әлеуметтік-экономикалық ынтымақтастықты білдіреді. Бұл бастамаға ЕО – га мүше елдер және алты шығыс еуропалық серіктес елдер-Әзірбайжан, Армения, Беларусь, Грузия, Молдова және Украина қатысады. Шығыс серіктестігі посткеңестік кеңістік елдерінің ЕО-мен бірлестік туралы келісімдер жасасуына бағытталған. Ынтымақтастық бағдарламасында Шығыс Еуропа және Закавказье мемлекеттері қамтылды. Шығыс серіктестігі аясындағы ынтымақтастық экономикалық даму, басқару институттарын нығайту; энергетика саласындағы байланыстарды дамыту, адамдар арасындағы байланыстарды кеңейту сияқты басым бағыттарға бағытталған. Серіктес елдермен қарым-қатынаста ЕО әрбір жеке елге сараланған көзқарас саясаты тұрғысынан қарайды. ШС-нің негізгі міндеттері-Шығыс Еуропа мен Оңтүстік Кавказ мемлекеттерінің Еуропалық Одақпен ынтымақтастығын жақындастыру және тереңдету, ЕО мен ШС мемлекеттері арасында да, ШС мемлекеттерінің арасында да саяси қауымдастық пен экономикалық интеграцияны одан әрі ілгерілету үшін жағдай жасау. Мақала «Шығыс серіктестігін» дамытудың қазіргі кезеңін және осы мемлекеттердің бағдарламаға қатысуының негізгі нәтижелері талданады.

**Түйін сөздер:** Шығыс серіктестігі, Еуропалық Одақ, Ресей, ТМД елдері, посткеңестік кеңістік, интеграция, саммит, жоба, бағдарлама, еуропалық көршілік саясаты.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-6887/2023-145-4-102-111>

Редакцияға түсті: 23.05.2023 /Жариялануға қабылданды: 15.10.2023

## **Кіріспе**

Еуропалық Одақтың шығыс саясатының және «Шығыс серіктестігі» бағдарламасымен қамтылған жекелеген мемлекеттермен қатынастардың проблематикасы аймақтағы геосаяси жағдай тұрғысынан да, «Шығыс серіктестігі» жекелеген мемлекеттерінің қоғамдық-саяси трансформациясы тұрғысынан да маңызға ие болуда.

Шығыс серіктестігі шеңберіндегі қатынастардың дамуы Ресейдің батыс елдерімен қарым-қатынасының нашарлауы аясында жүреді деген қорытынды жасалды.

Еуропалық Одақтың шығыстық саясаты бүгінгі таңда ресейлік те, шетелдік те аналитикада да ең саясаттандырылған және кеңінен талқыланатын тақырыптардың бірі болып табылады.

Зерттеудің өзектілігі Еуропалық Одақтың көршілік саясатының шығыс өлшемінің эволюциясының ерекшеліктерін, әлеуетті мүмкіндіктері мен маңыздылығын анықтау болып табылады. Әзірге Еуропалық көршілік саясаты мен Шығыс серіктестігі Шығыс Еуропа аймағындағы күрделі қатынастар мен саяси процестердің тағы бір элементі болды деп сеніммен айтуға болады.

Орталық Еуропа мен Шығыс Еуропа елдері ЕО-мен интеграцияланғаннан кейін Брюссель жаңа шығыстық көршілеріне – бұрынғы КСРО республикаларына назар аудара бастады. Бастапқыда бұл елдермен ынтымақтастық 1991 жылы нарықтық экономика мен демократияға өтуде көмек көрсету ретінде құрылған «ТМД елдеріне техникалық көмек» (Technical Assistance to the Commonwealth of Independent States – TACIS) бағдарламасына негізделген. Сонымен бірге 1998-1999 жылдары жасалған және ЕО-мен сауда және саяси қатынастардың негізі болған алғашқы серіктестік және ынтымақтастық келісімдерін дайындау басталғанды.

2003-2004 жылдары ЕО жаңа сыртқы саяси бағдарламаны – еуропалық көршілік саясатын (ЕКС; European Neighbourhood Policy – ENP) әзірледі және іске қосты [1]. ЕКС пайда болуы еуропалық интеграцияны шығысқа қарай ілгерілетудің нәтижесі болды.

Егер «Шығыс серіктестігі» қатысушыларының мотивтеріне жүгінетін болсақ, онда олардың әрқайсысының өз мүмкіндіктерін кеңейтуге, ЕО елдерімен байланысты нығайтуға және олар үшін жаңа халықаралық нарыққа қол жеткізуге деген ұмтылысы айқын көрінеді. Мысалы, Польша «Шығыс серіктестігіндегі» көшбасшы рөліне сенімді түрде ұмтылды. Украина үшін бұл Еуропалық қаржылық-экономикалық және техникалық көмек алу мүмкіндігі болды. Бұл Арменияға, Әзірбайжанға және Грузияға да қатысты. Молдова Республикасы «Шығыс серіктестігін» еуропалық интеграцияны тереңдету ретінде қабылдады. Ресеймен қарым-қатынасты дамыту бағытын көбірек ұстанатын Беларусьпен жағдай біршама күрделі болды. Жалпы алғанда, Беларусь стратегиясының мәні Ресей мен Батыс арасындағы тепе-теңдікке байланысты болды [2]. 2022 жылы Беларусьтің мүшелігі тоқтатылды.

Қатысушылар «Шығыс серіктестігі» аясында қойылған көптеген міндеттерді жүзеге асыра алды.

Зерттеудің мақсаты-ресми құжаттар, сараптамалық бағалаулар, БАҚ деректері негізінде идеяның пайда болуынан бастап оны жүзеге асыруға және қазіргі дамуы деңгейінде ынтымақтастық жобасының даму динамикасын талдау. Осы мақсатқа жетудің негізгі әдісі ретінде саяси жағдайды талдаудың сценарий әдісі таңдалды, ол бар жағдайға сүйене отырып, зерттеу объектісінің болашақ күйін кезең-кезеңімен қалай орналастыруға болатындығын көрсету мақсатында оқиғалардың логикалық реттілігін орнатуға мүмкіндік береді.

Зерттеудің негізгі әдістері - жүйелік әдіс негізінде мазмұнды талдау, индукция және болжау. Бағдарламаны әртүрлі бағалаулар бар және оның қызметін ресми құжаттар мен сараптамалық бағалаулар негізінде қарастыру маңызды. Серіктес елдердің ЕО-пен өзара іс-қимылының мақсаттары мен сипатының әртектілігіне баса назар аударылады. Әртүрлі сараптамалық бағалаулар келтірілген және олар түбегейлі бір-біріне қарама-қайшы. Мысалы, чех тарихшысы Павел Гавличектің «Восточное партнерство: Мрачное настоящее или новое будущее?» (2017), ресейлік ғалым Ю. А. Борконың «Восточное партнерство: Проект, реальность, будущее» (2018) монографиясында қамтылған мәселелерді қарастыруға болады. Бұл жұмыс Еуропалық Одақ пен посткеңестік алты мемлекет – Әзірбайжан, Армения, Беларусь, Грузия, Молдова және Украина құрамындағы Шығыс серіктестігі (ШС) мемлекетаралық бірлестігіне арналған. Автор ШС тарихын баяндайды, оның туындаған жағдайлары мен мақсаттарын талдайды. ЕО мен оның алты серіктесі арасындағы қарым-қатынасқа, сондай-ақ Еуропалық Одақ пен Ресей арасындағы қарым-қатынастағы Шығыс серіктестігінің орны мен рөліне ерекше назар аударылады.

Батыс және ресейлік сарапшылар қауымдастығында Шығыс серіктестігінің тарихына, әсіресе 2013-2014 жылдары, сыни бағалар басым болды. Ресейлік және батыстық сарапшылардың көзқарастарына Еуропа институты жариялаған «Вильнюсқа дейінгі және одан кейінгі Шығыс серіктестігі» зерттеуінде жан-жақты талдау жасалынған [3]. Осы баяндамада сарапшылардың пікірлерінің кең ауқымын көрсететін бірнеше үзінділер келтірілген. «РҒА Әлемдік экономика және халықаралық қатынастар институтының (ИМЭМО) ғылыми қызметкері В. А. Оленченконың бағалауы бойынша, - Ресейлік сараптамалық қауымдастық, екі топқа бөлінді, олардың басым көпшілігі «Шығыс серіктестігі» бағдарламасын шынайы қабылдауды қажет деп санамады, бұл көбінесе насихаттық сипатқа ие және одан әрі декларациялардан ары бармайды деп санады. Сарапшылардың аз бөлігі ЕО Ресейдің мүдделеріне нұқсан келтіре отырып, өзінің орбитасына ТМД елдерін тарту үшін қабылдаған бағдарламаларын біртіндеп және мұқият жүзеге асыратынын мойындады [4].

### Шығыс серіктестігінің жүзеге асырылуы және мүмкіндіктері

2008 жылы ЕО «Шығыс серіктестігі» жобасын құру туралы бастама көтерді (ресми атауы: «Шығыс Еуропа мен Кавказдың посткеңестік елдеріне аймақтық көзқарас»), оның мәні посткеңестік кеңестік елдерімен ынтымақтастықты дамыту болды. Бұл процесс ЕО – Ресей бағыты бойынша қатынастарды тереңдету мен қарқындылығын арттыру арқылы жүруі керек болды. 26 мамырда «Шығыс серіктестігі» жобасын Польшаның сыртқы істер министрі Р. Сикорский Швецияның қолдауымен Сыртқы істер кеңесінің отырысында ресми түрде ұсынды [5]. Польша мен Швецияның ұсынысы ЕО-да әртүрлі реакцияларды тудырды. Мысалы, 2008 жылғы 19-20 маусымда Шығыс серіктестігі туралы талқылау барысында Еуропаның жетекші елдері Франция мен Германия ғана емес, сондай-ақ, Еуропаның «жаңа» өкілдері – Болгария мен Румыния жобаны дамытудың орындылығына күмәнданып, Шығыс серіктестігі Қара теңіз маңындағы интеграциялық процестерді тежеуі мүмкін деген алаңдаушылық білдірді. Бұған қарамастан, 2009 жылы 7 мамырда Прагада Шығыс серіктестігі аясында құрылтай жиналысы өтті. Саммитке қатысушы елдердің бірлескен декларациясында Еуропалық комиссияның хабарламасында белгіленген ынтымақтастық туралы мақсаттары нақтыланды.

Бастапқыда жұмысы «28 плюс 6» формуласы бойынша өтті, жоғары органы екі жылда бір рет өткізілетін мемлекеттер мен үкіметтер басшыларының кездесулері (саммиттер) болып табылады. Бірінші саммит Прагада 2009 жылдың 7 мамырында, екіншісі 2011 жылдың қыркүйегінде Варшавада, үшіншісі 2013 жылдың қарашасында Вильнюсте, төртіншісі 2015 жылдың мамырында Ригада, бесіншісі 2017 жылдың қарашасында Брюссельде өтті. Бірінші саммит барысында «Шығыс серіктестігінің Прага саммитінің бірлескен декларациясы» атты негізгі құжат қабылданды. 2019 жылдың мамыр айында Брюссельде «Шығыс серіктестігі» бағдарламасының 10 жылдығына орай жоғары деңгейдегі конференция өтті [5]. 2020 жылғы 18 маусымда Еуроодақтың 27 елінің және «Шығыс серіктестігі» бағдарламасының алты мемлекетінің көшбасшылары қатысқан саммит бейнеконференция форматында өткізілді [6]. 2021 жылғы 15 желтоқсанда Брюссель саммитіне ЕО-ның барлық елдерінің және «Шығыс серіктестігіне» қатысушы бес елдің – Әзірбайжан, Армения, Грузия, Молдова және Украинаның көшбасшылары қатысты. 2021 жылғы 8 маусымда Беларусь Республикасының Сыртқы істер министрлігі Еуропалық Одақ енгізген санкциялар мен шектеулер жағдайында міндеттемелерді орындай алмауына байланысты жобаға қатысуын тоқтата тұратынын туралы хабарлады [7]. Саммитте Беларусь символдық бос орындық пен жалаумен «ұсынылды» [8]. ЕО «Шығыс серіктестігі» елдеріне 2 миллиард еуродан астам инвестиция салу жоспарын жариялады. Еуропалық кеңестің саммит төрағасы Шарль Мишельдің айтуынша, бұл қаржы шағын және орта бизнесті, жолдарды қайта жаңарту, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес, тәуелсіз баспасөз бен үкіметтік емес ұйымдарды қолдауға жұмсалады. Бұл ретте ЕО өзінің әдеттегі практикасына сәйкес бірлесіп қаржыландыру шарттарымен қаражат бөлетін болады [9].

Оның айтуынша, «күшті еуропалық қолдау ЕО-ның «Шығыс серіктестігіне» қаншалықты мән беретінін анық көрсетеді. Көшбасшылар халықаралық тәртіп пен халықаралық құқық ережелері арқылы ортақ құндылықтарымызға негізделген ортақ демократияны, өркендеу мен тұрақтылықты құруды жалғастыруға саяси ерік білдірді», - деп қосты ол. Мишель «соңғы онжылдықта ынтымақтастық өркендеді», - деп атап өтті. ЕО мен оның алты серіктесі арасындағы тауар айналымы екі есе өсті. «Шығыс серіктестігі» елдері бірге қазіргі уақытта ЕО-ның оныншы ірі сауда серіктесі болып табылады. Еуропалық Одақ «Шығыс серіктестігінің» төрт елі үшін бірінші сауда серіктесі және қалған екеуі үшін екінші сауда серіктесі болып табылады», - деді ол [10].

2014 жылдан 2020 жылға дейін Еуропалық көршілік құралы (ENI) ШС шеңберіндегі ынтымақтастықтың негізгі қаржыландыру тетігі болып табылады. 2014 және 2017 жылдар аралығында серіктес елдер жалпы сомасы 2,8 миллиард еуро көлемінде ЕО қаражатын пайдаланды. ШС саясатындағы басымдықтарды іске асыруды одан әрі қамтамасыз ету үшін 2017/2018–2020 жылдарға арналған көмек көрсетудің жан-жақты қамтылған кешенді көпжылдық рамалық бағдарламалары әзірленді [11].

2021 жылдың 16 желтоқсанында Брюссельде өткен Шығыс серіктестігінің 6-шы саммитінде Еуропалық Одақ пен ЕО-ның Шығыс серіктестігі елдері өздерінің берік серіктестігін, бірлігі мен ынтымақтастығын тағы да растады. Онда қалпына келтіру, тұрақтылық пен реформаларға баса назар аударып отырып, Шығыс серіктестігінің жаңартылған күн тәртібіне негізделген болашақ іс-қимыл жоспарын көздейтін бірлескен Декларацияны бірауыздан қабылдады. Өз сөзінде төраға Урсула фон дер Ляйен: «Шығыс серіктестігі Еуропалық Одақ үшін үлкен саяси маңызға ие. Осы күрделі кезеңдерде жұмысымызды бағыттау үшін, біз бірге серіктестіктің жаңа, өршіл кезеңін бастадық. Еуропалық Одақ өзінің шығыс серіктестерінің COVID-19 пандемиясының экономикалық, әлеуметтік және медициналық салдарымен күресудегі тұрақтылығын нығайтуда бейілдік танытуда. Біз сондай-ақ тұрақсыздыққа және аймақтағы бейбітшілікке, қауіпсіздік пен тұрақтылыққа қауіп төндіретін халықаралық құқықтың бұзылуына қатты алаңдаймыз», - деді [12].

### **Шығыс серіктестігінің бастамалары және даму перспективалары**

Украинаның Сыртқы істер министрі Дмитрий Кулебаның (2021) айтуынша, қазіргі уақытта жоба саяси және басқа да мәселелерден туындаған қиындықтары: армян-әзірбайжан қақтығысы, Беларусь пен ЕО қатынастарының шиеленісуі, Украина-Беларусь қатынастарындағы дағдарыс, Covid-19 пандемиясымен күрес аясында Еуропа елдерінің қаржылық қиындықтарды бастан кешуі [13].

Шығыс серіктестігінің барлық тараптары (ЕО және бес (алты) серіктес ел) әртүрлі дәрежеде болса да, оларға қажет нәрсені алады. Сондықтан, ынтымақтастық одан әрі дамиды. Бұл үшін барлық жағдайлар бар [14].

Шығыс серіктестігінің саммиттері екі жыл сайын өтеді, оларға мемлекет және үкімет басшылары жиналады. Осы жоғары деңгейдегі кездесулерде серіктестіктің одан әрі саяси бағыты, алдағы жылдарға арналған ынтымақтастықтың басымдықтары айқындалады.

Неліктен бұл маңызды? Өйткені Шығыс серіктестігі саммиттерінде көзделген саяси мақсаттар кейіннен ЕО тарапынан Шығыс серіктестігі елдерін нақты қолдауға, жұмыс орындарын құрудан энергетикаға, қоршаған ортадан денсаулық сақтауға, цифрлық технологиялардан сот төрелігін реформалауға, көлік қатынасынан бастап жастардың мүмкіндіктерін кеңейтуге дейінгі әртүрлі салалардағы ынтымақтастықты қаржыландырады.

Саммиттер өмірді жақсы жаққа өзгерте алады: рейстер бағасының немесе роуминг құнының төмендеуіне әкеледі, жұмыс орындары мен білім алуға мүмкіндіктер жасайды, әйелдердің мүмкіндіктерін кеңейтеді және қоғамды инклюзивті етеді, адамдарды таза сумен және қауіпсіз COVID-19 вакциналарымен қамтамасыз етеді, инновацияларды қолдайды немесе пайдалы дағдыларды дамытады.

2021 жылғы желтоқсанда өткен саммит бес негізгі бағыт – экономика, басқару, қоршаған орта, цифрландыру және қоғамдардың инклюзивтілігін қолдауға арналды. Бұл басымдықтар жаңа қиындықтар мен мүмкіндіктерді, атап айтқанда «жасыл» және цифрлық технологияларға көшуді және пандемиядан кейінгі қалпына келтіру қажеттілігін ескере отырып, Шығыс серіктестігінің бұрынғы жетістіктеріне негізделді.

Қалпына келтіру, тұрақтылық және реформалар - Шығыс серіктестігінің болашақ бағдарламаларының негізгі құрамдас бөлігі болып табылады. Ол 2025 жылға қарай 10 негізгі мақсатты жүзеге асыруды көздейді.

- 500 мың шағын және орта кәсіпорындарға (ШОБ) қолдау көрсетілді.
- Барлық жоғары лауазымды шенеуніктер өздерінің экономикалық активтерін декларациялайды, олардың есептері тексеріледі.
- 3000 км. көлемдегі көлік және темір жолдары жасалды немесе жөндеу жұмыстары жүргізіледі.
- Студенттер мен оқытушылар, зерттеушілер, жастар мен жас қызметкерлер үшін ұтқырлықтың 70 мың жеке мүмкіндігі.
- Гибридті қауіптерді анықтау және жою; киберқауіпсіздік және киберқылмыспен күресу саласындағы серіктестердің әлеуетін нығайту.
- 250 мың үй шаруашылығы энергия тұтынуды кем дегенде 20% - ға қысқартады.
- Тағы 3 млн адам қауіпсіз таза сумен қамтамасыз етіледі.
- 300 қалада ауа сапасын бақылау жетілдіріледі.
- 850 мың дәрігерді вакцинациялау, сондай-ақ олардың еңбек жағдайларын жақсарту, жабдықтар мен терапевтік құралдарды жетілдіру.
- 2500 жергілікті азаматтық қоғам ұйымдарын, 120 тәуелсіз БАҚ пен 2000 журналисті қолдау.
- Үй шаруашылықтарының 80% - ы жоғары жылдамдықты интернетке қосу.

Сонымен қатар, Шығыс серіктестігінің 2,3 миллиард еуроға арналған жаңа инвестициялық-экономикалық жоспарын ескере отырып, ЕО әр ел үшін бірқатар өршіл бастамалар көтерді. Жоспарда адамдар мен компаниялардың өміріне нақты өзгерістер әкелетін нақты бірінші кезектегі жобалар бар. Инвестициялар ең алдымен көлік инфрақұрылымына, шағын бизнесті қолдауға, диджитализацияға, қоршаған ортаға инвестицияларға және климаттың өзгеруіне төзімділікке (энергия тиімділігін қоса алғанда), денсаулық сақтау мен білім беру реформаларына бағытталатын болады.

2017 жылы Шығыс серіктестігі саммиті «2020 жылға қарай 20 нәтижені» айтарлықтай пайда әкелетін өршіл реформалар жоспары ретінде анықтады. Үш жылдан кейін бастама нәтижелер туралы есеп берді [15].

ЕО 185 мыңнан астам шағын кәсіпорындарды қолдады. Соның ішінде, украиналық ортопедиялық және медициналық өнімдерді өндірушіні. Компания EU4Business несиесінің арқасында мамандандырылған жабдыққа инвестиция салды, өндірісті ұлғайтты, жаңа жұмыс орындарын құрды және өз тауарларын Беларусьқа, Польшаға және Эстонияға экспорттай бастады.

ЕО шағын және орта бизнесті (ШОБ) қолдауы аймақта 1,65 миллион жұмыс орнын құруға немесе сақтауға көмектесті. 60 миллион еуродан астам әйелдер басқаратын 7250-ге жуық ШОБ бөлінді. Тек 2018 жылы 290 кәсіпкер EU 4 business бастамасы аясында білім алды. Мысалы, ЕО-ның «Бизнестегі әйелдер» бағдарламасының қолдауымен Грузияның Tech Engineering Group компаниясы өз пайдасын 7,5% - ға арттырды.

ЕО қолдауымен 187 жергілікті билік 2020 жылға қарай CO<sub>2</sub> (көмірқышқыл газы) шығарындыларын 20% - ға азайтуға уәде берді, ал 240- ы 2030 жылға қарай шығарындыларды 30%-ға азайтуға уәде берді. Мысалы, Молдавияның Окница және Кантемир қалалары «ақылды» энергияны үнемдейтін көше жарығының арқасында энергияны тұтынуды және зиянды шығарындыларды азайтты.

ЕО қолдауы 500 мың км<sup>2</sup> қамтитын және аймақтағы 30 миллионнан астам адамның өмір сүру сапасына әсер ететін өзен бассейндері деңгейінде заманауи су саясатының дамуына ықпал етті. Мысалы, ЕО Армениядағы Севан бассейні және Әзірбайжандағы Апшерон түбегі сияқты жерлерде таза суды сақтауға көмектеседі.

ЕО 80 мыңнан астам жастарды (студенттерді) алмасу, соның ішінде Erasmus+ бағдарламасы аясында қолдады. Тбилисиде 2018 жылдың қыркүйегінен бастап Еуропалық мектеп жұмыс істейді, онда Шығыс серіктестігінің барлық алты елінің дарынды жастары жоғары сапалы білім алады.

Бұл 2017 жылғы саммитте қабылданған 2020 жылға арналған 20 мақсатқа сәйкес Шығыс серіктестігінің бүкіл аймақтағы азаматтарға айтарлықтай нәтиже бергенінің бірнеше мысалдары ғана.

ЕО ірі аймақтық бастамалардан (мысалы, EU4Business, EU4Youth және EU4Energy) ең кішкентай жергілікті жобаларға дейінгі жүздеген жобалар мен бағдарламаларды қаржыландырады. Олардың барлығы елдердің шалғай аудандарындағы тұрғындарға тікелей көмектеседі.

Бұл бастамалар ұлттық және жергілікті өзін-өзі басқару органдарымен, қаржы институттарымен, азаматтық қоғаммен және ҰЕҰ-мен ынтымақтастықта ел үкіметтерімен келісілген жобалар мен реформаларды жүзеге асырады.

Team Europe бастамасы аясында ЕО Еуропалық инвестициялық банк және Еуропалық Қайта Құру және даму банкі сияқты еуропалық қаржы институттарымен және Еуропалық даму ұйымдарымен тығыз жұмыс істейді [16].

Бұл мүмкіндігінше көп адамдарға қол жеткізуге және қолдауды тиімдірек көрсетуге мүмкіндік береді.

### Қорытынды

Кейбір серіктес елдер үшін Бағдарламаға қатысу Еуропалық одаққа алғашқы қадамның елесін жасады. Алайда, Ригада өткен Шығыс серіктестігі саммиті басталар алдында, Германия канцлері Ангела Меркель қолданыстағы ынтымақтастық механизмі ЕО-ны кеңейту құралы емес екенін анық айтты [17]. Алайда, Украинаң ЕОға мүше болу кандидаты статусына ие болуы, болашақта мүшелік саясатына байланысты оң өзгерістер болуы мүмкін деген тұжырымдама жасауға мүмкіндік береді.

Осылайша, келесі қорытындылар жасауға болады. ЕО-ның Шығыс серіктестік жобасын құру бастамасы посткеңестік алты мемлекетті Еуропалық даму аясына тартуға бағытталған.

Бірақ посткеңестік кеңістік болғандықтан бұрынғыша Ресейдің стратегиялық мүдделерінің сферасы болып қала береді, содан кейін ЕО-ның бұл бастамасы Ресей мен бұрынғы кеңестік республикалар арасына «сына қағу» әрекеті ретінде бағаланады.

Біздің ойымызша, Шығыс серіктестігінің он жылдан астам өмір сүруінің басты нәтижесі Еуропалық Одақтың барлық қатысушыларымен қарым-қатынасының оң динамикасы деп санау керек. Бұл кооперативтік күш-жігердің нәтижесі, алайда Еуропалық Одақ басты рөл атқаруда. Ресейлік және шетелдік сарапшылар ХХ ғасырдың екінші жартысында жетекші Батыс Еуропа мемлекеттері сыртқы саяси тәжірибеге енгізген «жұмсақ күш» (soft-power policy) саясаты деген негізде сыни көзқарастарды ұстанды, сынға алды. бірнеше рет жіберді. Алайда, ол іске асты деуге болады.

ШС-ның нақты жетістіктері мынада:

– мемлекетаралық диалог және ынтымақтастық институттары үзілістермен болса да құрылды және тұрақты жұмыс істейді;

– диалог форумдары және ШС қатысушы елдердің азаматтық қоғамдарының өзара іс-қимылының әртүрлі форматтары үнемі жұмыс істейді;

– Еуропалық Одақтың әріптестерімен ынтымақтастығының саяси-құқықтық негізі кеңейтілді және нығайтылды (қауымдастық туралы, ілгері ынтымақтастық туралы, визалық режимді жеңілдету туралы келісімдер және т. б.);

– ғылым, білім, мәдениет саласындағы ынтымақтастық кеңейді;

– адами байланыстар (туризм, жастар іс-шаралары, фестивальдар, жеке байланыстар және т. б.) едәуір кеңейді;

– экономикалық ынтымақтастық, әсіресе сауда және инвестиция салаларында қарқынды дамыды; оның ауқымы едәуір өсті, ол тереңірек және алуан түрлі болды.

## Әдебиеттер тізімі

1. Борко Ю.А. Восточное партнёрство: проект, реальность, будущее: монография / Ю.А. Борко; отв. ред. Е.В. Ананьева, Е.В. Дрожжина. – Москва: Ин-т Европы РАН, 2018. – 70 с.
2. Сергунин А. «Восточное партнерство». Вызов российской дипломатии в Восточной Европе // Вестник ВГУ. Серия: Лингвистика и межкультурная коммуникация». – 2010. – № 1. – С. 205.
3. Восточное партнёрство до и после Вильнюса. Доклады Института Европы– Москва: Институт Европы РАН, 2014. – № 301. – 94 с.
4. Оленченко В.А. Вильнюсский этап Восточного партнёрства. Интересы ЕС и США. Восточное партнёрство до и после Вильнюса. Доклады Института Европы. – 2014. – № 301. – С. 53.
5. В Брюсселе стартуют мероприятия к 10-й годовщине «Восточного партнерства». [Электрон. ресурс]. – 2023. – URL: [www.ukrinform.ru](http://www.ukrinform.ru). (дата обращения: 16.05. 2023).
6. Саммит Восточного партнерства: впервые в формате видеоконференции. 1news.az. (дата обращения: 16.05. 2023).
7. Заявление пресс-службы Министерства иностранных дел Республики Беларусь - Министерство иностранных дел Республики Беларусь. [Электрон.ресурс]. – 2023. – URL: [mfa.gov.by](http://mfa.gov.by). (дата обращения: 05. 02.2023).
8. «Восточное партнерство»: санкции для России и 2 млрд евро для участников. Архивная копия от 16 декабря 2021 на Wayback Machine, Би-би-си, 16.12.2021.
9. ЕС поможет партнёрам материально. Участникам «Восточного партнёрства» обещано более €2 млрд // Коммерсантъ, 15.12.2021.
10. ЕС подтвердил, что «Восточное партнерство» является приоритетом внешней политики союза. 19 июня 2020. [электрондық ресурс]. – URL: <https://tass.ru/mezhdunarodnaya-panorama/8765311> (жүгінген күні : 02.02.2023).
11. ЕС подтвердил, что «Восточное партнерство» является приоритетом внешней политики союза. 19 июня 2020. [электрондық ресурс]. – URL: <https://tass.ru/mezhdunarodnaya-panorama/8765311> (жүгінген күні : 02.02.2023).
12. Саммит Восточного партнерства запускает новую амбициозную повестку, 16.12.2021 [электрондық ресурс]. – URL: [https://www.eeas.europa.eu/eeas/%D1%81%D0%B0%D0%BC%D0%BC%D0%B8%D1%82-%D0%B2%D0%BE%D1%81%D1%82%D0%BE%D1%87%D0%BD%D0%BE%D0%B3%D0%BE-%D0%BF%D0%B0%D1%80%D1%82%D0%BD%D0%B5%D1%80%D1%81%D1%82%D0%B2%D0%B0-%D0%B7%D0%B0%D0%BF%D1%83%D1%81%D0%BA%D0%B0%D0%B5%D1%82-%D0%BD%D0%BE%D0%B2%D1%83%D1%8E-%D0%B0%D0%BC%D0%B1%D0%B8%D1%86%D0%B8%D0%BE%D0%B7%D0%BD%D1%83%D1%8E-%D0%BF%D0%BE%D0%B2%D0%B5%D1%81%D1%82%D0%BA%D1%83\\_ru](https://www.eeas.europa.eu/eeas/%D1%81%D0%B0%D0%BC%D0%BC%D0%B8%D1%82-%D0%B2%D0%BE%D1%81%D1%82%D0%BE%D1%87%D0%BD%D0%BE%D0%B3%D0%BE-%D0%BF%D0%B0%D1%80%D1%82%D0%BD%D0%B5%D1%80%D1%81%D1%82%D0%B2%D0%B0-%D0%B7%D0%B0%D0%BF%D1%83%D1%81%D0%BA%D0%B0%D0%B5%D1%82-%D0%BD%D0%BE%D0%B2%D1%83%D1%8E-%D0%B0%D0%BC%D0%B1%D0%B8%D1%86%D0%B8%D0%BE%D0%B7%D0%BD%D1%83%D1%8E-%D0%BF%D0%BE%D0%B2%D0%B5%D1%81%D1%82%D0%BA%D1%83_ru) (жүгінген күні: 03.03.2023).
13. Кулеба хочет обсудить с ЕС будущее Восточного партнёрства. [Электрон.ресурс]. – 2023. – URL: [www.ukrinform.ru](http://www.ukrinform.ru). (дата обращения: 07.07.2021).
14. Дырина А.Ф. Восточное партнерство: От идеи к реализации.
15. Восточное партнерство – 20 результатов к 2020 г.: Общий рабочий документ / Европейская комиссия. – Брюссель, 2017. – 70 б. [электрондық ресурс]. –URL: [https://eeas.europa.eu/sites/eeas/files/swd2017\\_300\\_ru.pdf](https://eeas.europa.eu/sites/eeas/files/swd2017_300_ru.pdf) (жүгінген күні: 03.03.2023).
16. Почему важен Саммит Восточного партнерства? 2 декабря, 2021. [электрондық ресурс]. – URL: <https://euneighbourseast.eu/ru/news/explainers/pochemu-vazhen-sammit-vostochnogo-partnerstva/> (жүгінген күні: 03.03.2023).
17. Меркель: «Восточное партнерство» – не инструмент для расширения ЕС // РИА Новости. – 2015. – 21.05. [электрондық ресурс]. – URL: <https://ria.ru/20150521/1065697409.html> (жүгінген күні: 03.03.2023).

**A.B. Madyarbekova, P.K. Kilybayeva**

*L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan*

### «Eastern Partnership» project: current problems and development prospects

**Abstract.** The issues of developing the Eastern Partnership, created on the initiative of the European Union to develop integration ties with the countries of the post-Soviet space, were considered. The article analyzes the eastern dimension of European Neighborhood Policy – the Eastern Partnership (SC) based on official government documents and expert assessments. The CCS mainly refers to socio-economic cooperation. The initiative will involve EU member states and six Eastern European partner countries – Azerbaijan, Armenia, Belarus, Georgia, Moldova and Ukraine. The Eastern Partnership is aimed at the conclusion of association agreements by the countries of the post-Soviet space with the EU. The cooperation program included the states of Eastern Europe and Transcaucasia. Cooperation within the framework of the Eastern Partnership is aimed at such priority areas as economic development, strengthening of management institutions; development of contacts in the energy sector, expansion of contacts between people. In relations with partner countries, the EU looks at each individual country from the perspective of a differentiated approach policy. The main tasks of the SC are the rapprochement and deepening of cooperation between the states of Eastern Europe and the South Caucasus with the European Union, the creation of conditions for the further promotion of political community and economic integration both between the EU and the SC States and between the Rs States. The article analyzes the current stage of development of the « Eastern Partnership » and the main results of the participation of these states in the program.

**Keywords:** Eastern Partnership, European Union, Russia, CIS countries, post-Soviet space, Integration, Summit, project, program, European Neighborhood Policy.

**А.Б. Мадярбекова, П.К. Кильбаева**

*Евразийский национальный университет им. Л. Н. Гумилева, Астана, Казахстан*

### Проект «Восточное партнерство»: текущие проблемы и перспективы развития

**Аннотация.** Рассмотрены вопросы развития Восточного партнерства, созданного по инициативе Европейского Союза для развития интеграционных связей со странами постсоветского пространства. В статье анализируется восточный критерий европейской политики соседства – Восточное партнерство (ШС) на основе официальных государственных документов и экспертных оценок. ШС в основном означает социально-экономическое сотрудничество. В этой инициативе примут участие страны – члены ЕС и шесть восточноевропейских стран-партнеров-Азербайджан, Армения, Беларусь, Грузия, Молдова и Украина. Восточное партнерство направлено на заключение странами постсоветского пространства соглашений об ассоциации с ЕС. Программа сотрудничества включала государства Восточной Европы и Закавказья. Сотрудничество в рамках Восточного партнерства направлено на такие приоритетные направления, как экономическое развитие, укрепление институтов управления; развитие связей в энергетической сфере, расширение связей между людьми. В отношении со странами-партнерами ЕС рассматривает каждую отдельную страну с точки зрения политики дифференцированного подхода. Основными задачами ШС являются сближение и углубление сотрудничества государств Восточной Европы и Южного Кавказа с Европейским Союзом, создание условий для дальнейшего продвижения политического сообщества и экономической интеграции как между государствами ЕС и ШС, так и между государствами ШС. В статье анализируется текущий этап развития « Восточного партнерства » и основные результаты участия этих государств в программе.

**Ключевые слова:** Восточное партнерство, Европейский Союз, Россия, страны СНГ, постсоветское пространство, интеграция, саммит, проект, программа, европейская политика соседства.



## References

1. Borko Yu.A. Vostochnoe partnerstvo: proekt, real'nost', budushchee: [monografiya] / Yu.A. Borko; otv. red. E.V. Anan'eva, E.V. Drozhzhina. – M.: Institut Evropy Rossiiskoi akademii nauk, (Doklady Instituta Evropy = Reports of the Institute of Europe / Federal'noe gosudarstvennoe byudzhethoe uchrezhdenie nauki Institut Evropy Rossiiskoi akademii nauk; [The Eastern Partnership: project, realities, future] (2018. No 355, p. 70) [in Russian].
2. Sergunin A. «Vostochnoe partnerstvo». Vyzov rossiiskoi diplomatii v Vostochnoi Evrope, «Vestnik Voronezhskogo Gosudarstvennogo Universiteta. Seriya: Lingvistika i mezhkul'turnaya kommunikatsiya» Eastern Partnership». [Challenge of Russian diplomacy in Eastern Europe] (2010, No 1, p. 205.) [in Russian].
3. Vostochnoe partnerstvo do i posle Vil'nyusa. Doklady Instituta Evropy Rossiiskoi akademii nauk, Institut Evropy Rossiiskoi akademii nauk, [Eastern Partnership before and after Vilnius] (2014. No 301. Moscow. p. 94.) [in Russian].
4. Olenchenko V.A. Vil'nyusskii etap Vostochnogo partnerstva. Interesy ES i SshA. Vostochnoe partnerstvo do i posle Vil'nyusa. Doklady Instituta Evropy [Vilnius stage of the Eastern Partnership. EU and US Interests. Eastern Partnership before and after Vilnius.] (No 301, 2014. p. 53.) [in Russian].
5. V Brjussele startujut meroprijatija k 10-j godovshhine «Vostochnogo partnerstva». Available at: [Events dedicated to the 10th anniversary of the Eastern Partnership start in Brussels] (accessed: 16.05.2019)
6. Sammit Vostochnogo partnerstva: v pervye v formate videokonferentsii. Available at: <https://1news.az/news/20200618121316199-Sammit-Vostochnogo-partnerstva-v-pervye-v-formate-videokonferentsii> - [Eastern Partnership Summit: for the first time in the format of a videoconference] [in Russian] (accessed 18.06.2020).
7. Zayavlenie press-sluzhby Ministerstva inostrannykh del Respubliki Belarus' - Ministerstvo inostrannykh del Respubliki Belarus'. [Statement of the press service of the Ministry of Foreign Affairs of the Republic of Belarus - Ministry of Foreign Affairs of the Republic of Belarus] Available at: [https://mfa.gov.by/press/news\\_mfa/e0c39160d2580d78.html](https://mfa.gov.by/press/news_mfa/e0c39160d2580d78.html) - [in Russian] (accessed 02.02.2023).
8. «Vostochnoe partnerstvo»: sanktsii dlya Rossii i 2 mlrd evro dlya uchastnikov. [Eastern Partnership: sanctions for Russia and 2 billion euros for participants] Arkhivnaya kopiya ot 16.12.2021. Available at: <https://www.bbc.com/russian/news-59670276> [in Russian] (accessed 16.12.2021).
9. ES pomozhet partneram material'no. Uchastnikam «Vostochnogo partnerstva» obeshchano bolee €2 mlrd // Kommersant» [The EU will help partners financially More than €2 billion promised to Eastern Partnership participants] 15.12.2021, Available at: <https://www.kommersant.ru/doc/5130705> [in Russian] (accessed 19.01.2022).
10. ES podtverdil, chto «Vostochnoe partnerstvo» yavlyaetsya prioritom vneshnei politiki soyuza. [The EU confirmed that the «Eastern Partnership» is a priority of the Union's foreign policy] 19.06.2020. Available at: <https://tass.ru/mezhdunarodnaya-panorama/8765311>- [in Russian] (accessed 02. 02.2023).
11. ES podtverdil, chto «Vostochnoe partnerstvo» yavlyaetsya prioritom vneshnei politiki soyuza. [The EU confirmed that the «Eastern Partnership» is a priority of the Union's foreign policy] 19.06.2020. Available at: <https://tass.ru/mezhdunarodnaya-panorama/8765311>- [in Russian] (accessed 02. 02.2023).
12. Sammit Vostochnogo partnerstva zapuskaet novuyu ambitsioznuyu povestku, [Eastern Partnership Summit launches ambitious new agenda] 16.12.2021. Available at: [https://www.eeas.europa.eu/eeas/%D1%81%D0%B0%D0%BC%D0%BC%D0%B8%D1%82-%D0%B2%D0%BE%D1%81%D1%82%D0%BE%D1%87%D0%BD%D0%BE%D0%B3%D0%BE-%D0%BF%D0%B0%D1%80%D1%82%D0%BD%D0%B5%D1%80%D1%81%D1%82%D0%B2%D0%B0-%D0%B7%D0%B0%D0%BF%D1%83%D1%81%D0%BA%D0%B0%D0%B5%D1%82-%D0%BD%D0%BE%D0%B2%D1%83%D1%8E-%D0%B0%D0%BC%D0%B1%D0%B8%D1%86%D0%B8%D0%BE%D0%B7%D0%BD%D1%83%D1%8E-%D0%BF%D0%BE%D0%B2%D0%B5%D1%81%D1%82%D0%BA%D1%83\\_ru-](https://www.eeas.europa.eu/eeas/%D1%81%D0%B0%D0%BC%D0%BC%D0%B8%D1%82-%D0%B2%D0%BE%D1%81%D1%82%D0%BE%D1%87%D0%BD%D0%BE%D0%B3%D0%BE-%D0%BF%D0%B0%D1%80%D1%82%D0%BD%D0%B5%D1%80%D1%81%D1%82%D0%B2%D0%B0-%D0%B7%D0%B0%D0%BF%D1%83%D1%81%D0%BA%D0%B0%D0%B5%D1%82-%D0%BD%D0%BE%D0%B2%D1%83%D1%8E-%D0%B0%D0%BC%D0%B1%D0%B8%D1%86%D0%B8%D0%BE%D0%B7%D0%BD%D1%83%D1%8E-%D0%BF%D0%BE%D0%B2%D0%B5%D1%81%D1%82%D0%BA%D1%83_ru-) [in Russian] (accessed 03.03.2023).
13. Kuleba khochet obsudit' s ES budushchee Vostochnogo partnerstva. [Kuleba wants to discuss the future of the Eastern Partnership with the EU] Available at: Қате! Еренсілтеменің рұқсат етілмейтін нысаны. [in Russian] (accessed 07.07.2021).
14. Dyrina A.F. Vostochnoe partnerstvo: Ot idei k realizatsii. [Dyrina A.F. Eastern Partnership: From idea to implementation.] Available at: <https://upe-journal.ru/article.php?id=254>- [in Russian], P.217-234.
15. Vostochnoe partnerstvo – 20 rezul'tatov k 2020 g. [Eastern Partnership - 20 results by 2020]: Obshchii rabochii dokument / Evropeiskaya komissiya. – Bryussel', 2017. – 70 p. Available at: [https://www.eeas.europa.eu/sites/default/files/swd2017\\_300\\_ru.pdf](https://www.eeas.europa.eu/sites/default/files/swd2017_300_ru.pdf), [in Russian], (accessed 03.03.2023).

16. Pochemu vazhen Sammit Vostochnogo partnerstva? [Why is the Eastern Partnership Summit important?] 02.12.2021. Available at: <https://euneighbourseast.eu/ru/news/explainers/pochemu-vazhen-sammit-vostochnogo-partnerstva/>- [in Russian], (accessed 03.03.2023).

17. Merkel: "Vostochnoe partnerstvo" – ne instrument dlya rasshireniya ES [Merkel: Eastern Partnership is not a tool for EU enlargement] // RIA Novosti. – 2015. – 21.05. Available at: <https://ria.ru/20150521/1065697409.html>- [in Russian], (accessed 03.03.2023).

#### **Авторлар туралы мәлімет:**

*Мадярбекова Айым Бахытқалиқызы* – Аймақтану кафедрасының докторанты, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан.

*Қилыбаева Пану Қалынбаевна* – тарих ғылымдарының кандидаты, Аймақтану кафедрасының доценті, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан.

*Madyarbekova Ayim Bakhytkalievna* – doctoral student of the Department of Regional Studies, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.

*Kilybayeva Panu Kalynbaevna* – Candidate of Historical Sciences, Associate Professor of the Department of Regional Studies, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.